

"Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2026 жылғы 5 тамыздағы № 218-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 7 тамызда № 39526 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29323 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 49) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларында :

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін білім беруді басқару органдары "Ұлттық білім беру дерекқоры" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ҰБДҚ) тіркеу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың, оның ішінде тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі ұйымдар арасында өңірден тыс жерлерге орын ауыстыруын және олардың шығуын есепке алуды қамтамасыз етеді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 болып тіркелді) (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығына сәйкес айқындалады.

Бұл ретте мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16138 болып тіркелді) (бұдан әрі – Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.";

13-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексіне (бұдан әрі – Құрылыс кодексі) сәйкес қолжетімді (кедергісіз) ортаны және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26618 болып тіркелген) бекітілген Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларына және бағдарламаларына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың (бар болған жағдайда) білім алуы үшін арнайы жағдайларды жасаған.";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар педагогтермен және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33166 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес штаттық санмен қамтамасыз еткен мектепке дейінгі ұйымдар жіберіледі.";

15-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін Комиссия мемлекеттік цифрлық жүйелер (www.egov.kz "цифрлық үкіметтің"

веб-порталы, www.elicense.kz) арқылы мынадай құжаттарды алады және олардың бар-жоғын және жарамдылығын тексеруді жүзеге асырады.";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мектепке дейінгі ұйымның Санитариялық қағидаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды;"

18-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Құжаттарды ҚКҚБ-ға тіркеу аяқталған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комиссия мектепке дейінгі ұйымдар ұсынған, оның ішінде тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынған құжаттарды қарайды. Құжаттар міндетті түрде бейне және аудио тіркеу жүргізіліп, әлеуетті қызмет берушілердің қатысуымен қаралады.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды білім беруді басқару органдары осы Қағидаларда көзделген тәртіппен, " Бірыңғай сатып алу платформасы арқылы мемлекеттік білім беру тапсырысының көрсетілетін қызметтерінің шарттарын жасасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 12 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26502 болып тіркелген) сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесіне енгізілген мектепке дейінгі ұйымдармен күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі ұйымдармен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шарты тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет қаражаты шегінде бір қаржы жылына жасалады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шарты жасалғаннан кейін мектепке дейінгі ұйым бос орындар туралы мәліметтерді білім беруді басқару органдарының цифрлық жүйелерінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде орналастырады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Ата-аналар немесе балалардың өзге де заңды өкілдері білім беруді басқару органдарының цифрлық жүйесіндегі бос орындар туралы мәліметтер негізінде кейіннен мектепке дейінгі ұйыммен білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасаса отырып, мектепке дейінгі ұйымға өз бетінше жолдама алады.";

37-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Көрсетілген құжаттарды тіркегеннен кейін Комиссия мемлекеттік цифрлық жүйелер (www.egov.kz "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы, www.elicense.kz) арқылы мынадай құжаттардың барын және жарамдылығын тексеруді жүзеге асырады:

1) Санитариялық қағидаларға сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды;

2) медициналық қызметке лицензия;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтамалар, жылжымайтын

мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар.";

56-1-тармақтың 2), 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Құрылыс кодексінің 98-бабына сәйкес әзірленген және бекітілген жекеменшік білім беру ұйымының объектісіне жобалау (жобалық-сметалық) құжаттамасы не объектіге меншік құқығы туралы сот актісі;

3) Құрылыс кодексінің 132-бабының 6-тармағына сәйкес объектіні пайдалануға беру күнін растайтын салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі;

4) реконструкциялау кезінде Құрылыс кодексінің 60-бабының 4-тармағына сәйкес реконструкциялауға жататын ғимараттың жай-күйі туралы қорытынды;"

58-1-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктер және (немесе) Ұлттық пошта операторы өзінің цифрлық жүйесі және (немесе) мобильді қосымшасы арқылы білім алушыға не оның ата-анасына немесе өзге де заңды өкіліне ай сайын жекеменшік білім беру ұйымының атауы және ол көрсеткен білім беру қызметтері үшін осы жекеменшік білім беру ұйымының пайдасына есептен шығарылатын бюджет қаражатының сомасы (бұдан әрі - банктің мектеп туралы ақпараты) туралы ақпарат жіберуді қамтамасыз етеді.

Кәмелетке толмаған білім алушының ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі, сондай-ақ кәмелетке толған білім алушы банктің мектеп туралы ақпаратымен таныса отырып, қарсылық болған жағдайда екінші деңгейдегі банктің және (немесе) Ұлттық пошта операторының цифрлық жүйесіне және (немесе) мобильді қосымшасына банктің мектеп туралы ақпаратымен келіспеу негіздемесі бар тиісті жазбаны банктің мектеп туралы ақпаратын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде енгізеді.";

66-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) балаларға қосымша білім беру бойынша іске асырылатын білім беру бағдарламаларын көрсете отырып, ҰБДҚ цифрлық жүйесінде тіркеу;"

68-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"68. Мемлекеттік цифрлық жүйелер (www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы, www.elicense.kz), Ұйымның интернет-ресурсы және ҰБДҚ арқылы Комиссия мынадай мәліметтердің болуын және жарамдылығын тексереді:"

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш негізінде балаларға қосымша білім беру бойынша іске асырылатын білім беру бағдарламаларын көрсете отырып, ҰБДҚ-да тіркелу;"

70-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"70. Комиссия білім беруді басқару органында құжаттарды тіркеу аяқталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Ұйымдар ұсынған құжаттарды, оның ішінде тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынған құжаттарды қарайды.";

82-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"82. Күнтізбелік жылдың 15 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҰБДҚ-дан жүктелген ақпаратты қоса бере отырып, көрсетілген қызметтердің актісі шығарылатын желтоқсан айын қоспағанда, әрбір келесі айдың 1-ші күні ұйым айдың соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша ҰБДҚ-дан жүктелген ақпаратты қоса бере отырып, көрсетілген қызмет актісін ұсынады.";

96-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"96. ТКОБКБ бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына қатысу үшін бес жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметтерді алушылар көрсетілетін қызметті берушіге ҰБДҚ немесе "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсы бойынша құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттар тізбесін ұсынады.";

99-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"99. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.";

103-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"103. 101 және 102-тармақтарында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді цифрлық жүйелерден алу мүмкіндігі болмаған жағдайда, Комиссия ТКОБКБ-ның білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарынан растайтын құжаттарды сұратады.";

108-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"108. Конкурс шарттары бойынша ТКОБКБ бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын ТКОБКБ ұйымдарының бекітілген тізбелері 105 және 106-тармақтарға сәйкес ТКОБКБ мен мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу үшін цифрлық жүйеге күнтізбелік жылдың 15 маусымына дейін жіберіледі.";

көрсетілген Қағидаларға 4 және 7-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы

Ж. Шарабасов

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 5 тамыздағы
№ 218-НҚ бұйрығына
1-қосымша
Еңбек нарығының
қажеттіліктерін ескере отырып,
техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі білімі бар
кадрларды даярлауға, сондай-ақ
мектепке дейінгі тәрбиелеу мен
оқытуға, орта білім беруге және
балаларға қосымша білім беруге
мемлекеттік білім беру
тапсырысын орналастыру
қағидаларына
4-қосымша
Нысан
(қосымша білім беру ұйымының
бланкісіне толтырылады)
_____ облыс (қала, аудан)
білім басқармасының
(бөлімінің) басшысына

(басшының ТАӘ (бар болған
жағдайда)

Өтініш

Сізден _____

(ұйым атауы)

"Ұлттық білім беру деректер қоры" цифрлық жүйесіне қосуды сұраймын.

Ұйым басшысы _____

(ТАӘ (бар болған жағдайда)

(қолы)

Толтырылған күні _____

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 5 тамыздағы
№ 218-НҚ бұйрығына
2-қосымша
Еңбек нарығының
қажеттіліктерін ескере отырып,
техникалық және кәсіптік,
орта білімнен кейінгі білімі бар
кадрларды даярлауға,
сондай-ақ мектепке дейінгі
тәрбиелеу мен оқытуға,
орта білім беруге және
балаларға қосымша білім беруге
мемлекеттік білім беру
тапсырысын орналастыру
қағидаларына
7-қосымша

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Тиісті саланың уәкілетті органдары және облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жоқ
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру "Ұлттық білім беру деректер қоры" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ҰБДҚ) және "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы" (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап ҰБДҚ және портал арқылы – 2 жұмыс күні
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық түрде (ішінара цифрландырылған)

6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
8	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ге дейін; 2) ҰБДҚ - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады). 3) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы, сонымен қатар көрсетілетін

		қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурсында орналастырылған.
9	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Көрсетілетін қызметті алушы ҰБДҚ және портал арқылы жүгінген кезде: 1) осы қосымшаның 1-нысаны бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; 2) осы қосымшаның 2-нысаны бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін ТКОБКБ ұйымына қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтері бар мамандық бойынша ақпараттық карта цифрлық жүйеде толтырылады. Көрсетілетін қызметті беруші заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттар жөніндегі мәліметтерді "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады
10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздері	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы
11	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда	Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтама

көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	қызметтері, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы "1414", 8 800 080 7777 арқылы ала алады.
--	---

1-нысан

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының атауы (білім беру ұйымының бланкісінде толтырылады)

Өтініш

Комиссия төрағасы _____

ТКОБКБ бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптармен және оны өткізу шарттарымен танысып _____

_____ (білім беру ұйымының атауы)

_____ ж. "_____" _____ № _____ білім беру қызметін жүргізу құқығына берілетін лицензиясына сәйкес

_____ (мамандықтардың, біліктіліктің коды, атауы, орын саны, оқыту тілі, 9/11, ТКОБКБ базасында) мамандықтары бойынша уәкілетті орган және ЖАО өткізетін конкурсқа қатысады.

Қосымша: конкурсқа қатысу үшін құжаттар ____ бетте.

Ұйым басшысы _____

(қолы, ТАӨ (ол болған жағдайда)

Толтырылған күні М.О.

2-нысан

Мәлімделген мамандық бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының ақпараттық картасы

(техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының толық атауы _____

(нақты мекенжайы, телефоны, электрондық поштасы)

(құрылтайшы)

(мамандықтың, біліктіліктің коды, атауы)

№ п/п	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары туралы мәлімет	Сипаттамасы
1	Кадрлар даярлау бейіні бойынша (ауылдық елді мекендерде орналасқан ТКОБКБ ұйымдарының және қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің бейінін қоспағанда) білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мамандықтар бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензияның болуы	ҰБДҚ дереккөзі
2	Мемлекеттік аттестаттаудан өткені туралы құжаттың болуы (жаңадан ашылатын білім беру ұйымдарын қоспағанда)	ҰБДҚ дереккөзі
3	"Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) сәйкес терроризмге қарсы қорғау талаптарының сақталуын растайтын құжаттар мен мәліметтердің болуы	ҰБДҚ дереккөзі
4	Білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізілімінде қамтылған білім беру бағдарламасының болуы (медициналық мамандықтарды қоспағанда)	ҰБДҚ дереккөзі

5	Білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген мәлімделген мамандық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды оқытуға арналған білім беру бағдарламаларының болуы (медициналық мамандықтарды қоспағанда)	ҰБДҚ дереккөзі
6	Мәлімделген мамандық бойынша, оның ішінде медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша симуляциялық кабинеті (орталығы) бар тиісті оқу-өндірістік базасының болуы	ҰБДҚ дереккөзі
7	Педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер және (немесе) магистр, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым докторы, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар адамдардың саны педагогтердің жалпы санынан (кемінде 30%)	ҰБДҚ дереккөзі
8	Мәлімделген мамандық бойынша арнайы пән педагогтерінің және/ немесе өндірістік оқыту шеберлерінің болуы	ҰБДҚ дереккөзі
9	Педагогтердің жалпы санынан штаттық педагогтердің кемінде 70% болуы (өнер және мәдениет саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын ТКОБКБ ұйымдары үшін кемінде 50%)	ҰБДҚ дереккөзі
10	Студенттер үшін әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың болуы (меншік немесе жалға алу құқығына жататын жатақхана / хостел / қонақ үйдің болуы (оның ішінде тегін негізде), жедел басқарудың, сенімгерлік басқарудың, сондай-ақ қоғамдық тамақтану және медициналық қызмет көрсету пункттерінің болуы	ҰБДҚ дереккөзі
11	Кедергісіз физикалық қол жеткізу үшін жағдайлардың болуы (міндетті талаптар: кіру пандустары, тактильді бағыттаушы жолақ, есту аймағы бар кіреберісте дыбыстық	ҰБДҚ дереккөзі

	маяктың болуы, СНЖЕ сәйкес санитарлық торап)	
12	Ғимараттарда (оқу корпусстарында) мәлімделген мамандық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға жағдай жасау (психологиялық-педагогикалық қолдау)	ҰБДҚ дереккөзі
13	Мамандықтар бойынша ТжБК-ның білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бітірушілердің бір жыл ішінде жұмысқа орналасуы туралы мәліметтер, бұл ретте бітірушілердің жалпы санынан бітірген жыл ішінде мамандығы бойынша жұмысқа орналасқандардың үлесі - 75 % кем емес. Бұл талап жаңа мамандықтар, сондай-ақ бітіру жүзеге асырылмаған мамандықтар бойынша мәлімделген ТКОБКБ ұйымдарына қолданылмайды	ҰБДҚ дереккөзі
14	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың жалпы санынан білім алушыларды дуальды оқытумен қамту үлесі	ҰБДҚ дереккөзі
15	Есепті күнтізбелік жылы " WorldSkills" өңірлік/ республикалық кәсіби шеберлік конкурстарына, "WorldSkills" салалық/корпоративтік чемпионаттарына және арнайы шеберлік конкурстарына қатысқан құзыреттіліктер саны	ҰБДҚ дереккөзі
16	Білім басқармасының цифрлық жүйесінің, edu.kz сайтының және әлеуметтік желілерде аккаунтының болуы	ҰБДҚ дереккөзі
17	ТКОБКБ ұйымының жобалық қуатын ескере отырып, білім алушыларды қабылдауға арналған орындар саны (оқу ғимараты мен шеберханалардың жобалық қуатының жалпы сомасы)	ҰБДҚ дереккөзі

Жоғарыда келтірілген ақпараттың шынайылығын растаймын.

Ұйымның басшысы _____

(қолы, ТАӘ (ол болған жағдайда))

Толтырылған күні

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК